KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

KAZENERGY INSIDE

№7, ШІЛДЕ-ТАМЫЗ, 2019

# БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №7


- «KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ
- ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ 31-ОТЫРЫСЫ
- КАСПИЙ ҚҰБЫРЖОЛ КОНСОРЦИУМЫ КИІКТЕРДІ МОНИТОРИНГТЕУ ҮШІН ҰШҚЫШСЫЗ ҰШАТЫН АППАРАТТЫ ҰСЫНДЫ
- ЕҢБЕГІ СІҢГЕН МҰНАЙШЫ САФИ ӨТЕБАЕВҚА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТІҢ АШЫЛУЫ ТУРАЛЫ
- ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТУ КҮНДЕРІ KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ АТЫРАУ МҚӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НАГРАДАЛАР ТАПСЫРДЫ
- «KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | KAZENERGY XII ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМЫ: «ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ»
- «KAZAKHSTAN ENERGY WEEK» ІС-ШАРАЛАРЫ: «ЖАСТАР ЖӘНЕ УАҚЫТ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ» XI ЖАСТАР ФОРУМЫ
- KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ «ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ ӘЙЕЛ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОБРАЗЫ» АТТЫ IV ФОРУМЫ
- KAZENERGY БАҚ-ТА

# «KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



**Құрметті мұнайшылар!**

Сіздерді Қазақстанның мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен құттықтаймын! Қыркүйектің алғашқы қыркүйек айында өтетін кәсіби мерекеміз Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойымен сәйкес келіп отыр. Еліміздің мұнай-газ өнеркәсібінің тарихы жарқын оқиғаларға толы. 1899 жылы Қарашұңғылдағы алғашқы мұнай бұрқағы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ембі мұнайшыларының ерлігі, 60-шы жылдары Маңғышлақ жазықтарындағы тың жерлерді игеру, Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ атты ең ірі кен орындарын ашу және пайдалануға беру. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі екі он жылдық ішінде 15 ең ірі дүниежүзілік мұнай экспорттаушылар қатарына еніп үлгерді.
Бұл кәсіби жетістіктер қатаң сынаулардан өткен, өз күш-жігерлерін мұнай-газ саласына жұмсаған, Қазақстан экономикасын нығайтуға ықпал еткен мыңдаған сала қызметкерлері өмірбаяндарының ажырамас бөлігіне айналды.
Осы айтулы күнде Сіздерге зор денсаулық, бақыт, бейбіт өмір мен амандық тілеймін!

**Ізгі құрметпен,**

**«KAZENERGY» қауымдастығының Төрағасы**
**Тимур Құлыбаев**

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

## ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ 31-ОТЫРЫСЫ





А.ж. 25 шілдеде Ғылыми-техникалық кеңестің (бұдан әрі - ҒТК) 31-ші отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібі «Мұнай және газ кәсіпшілігінде энергетикалық объектілерді салу және пайдалану». Отырыста «INNIO», «ЭнергоТехСервис» ЖШҚ, «Ариель Интернэшнл Корпорэйшн» және «ЗИНГА» ЖШҚ өкілдері өз жобаларымен таныстырды.

*Толығырақ:*

## КАСПИЙ ҚҰБЫРЖОЛ КОНСОРЦИУМЫ КИІКТЕРДІ МОНИТОРИНГТЕУ ҮШІН ҰШҚЫШСЫЗ ҰШАТЫН АППАРАТТЫ ҰСЫНДЫ




Осы ұшқыш аппаратының таныстырылымы Ақмола облысы Қабанбай кентінде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтың, «KAZENERGY» қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалиннің және «Каспий Құбыржол Консорциумы-К» (КТК-К) АҚ бас директорының орынбасары Қайыргелді Қабылдиннің қатысуымен өтті.
ҰҰА қазіргі заманғы мүмкіндіктері киіктерді ғана емес, жалпы Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау және зерделеу бойынша іс-шараларды жүргізуге мүмкіндік береді.

*Толығырақ:*

**Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com**

KAZENERGY

# ЕҢБЕГІ СІҢГЕН МҰНАЙШЫ САФИ ӨТЕБАЕВҚА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТІҢ АШЫЛУЫ ТУРАЛЫ





А.ж. 1 қыркүйекте Қазақстан мұнайының 120 жылдығын және Сафи Өтебаевтың 110 жылдығын атап өту шеңберінде Атырау қаласында Атырау мұнай және газ университетінің аумағында Қазақстанның мұнай-газ саласының негізін қалаушылардың бірі, бірқатар кен орындарын алғаш ашқан Сафи Өтебайұлына арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Биыл Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына Сафи Өтебаевтың есімі берілді. Іс-шараға Сафи Өтебаевтың туыстары мен жақын адамдары, Атырау облысының әкімі, білім және ғылым, энергетика министрлігінің өкілдері, мұнай өнеркәсібінің ардагерлері, мұнай-газ компанияларының өкілдері, университет студенттері мен оқытушылары қатысты.

*Толығырақ:*

# ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТУ КҮНДЕРІ KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ АТЫРАУ МҚӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НАГРАДАЛАР ТАПСЫРДЫ



4 қыркүйек күні "KAZENERGY" Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының төрағасы Тимур Құлыбаев Атырау МҚӨЗ-на сапармен келді, мұнда ол 2009-2017 жж. зауытты жаңғырту кезінде салынған жаңа технологиялық қондырғыларды қарады.

*Толығырақ:*

**Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com**

# «KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | KAZENERGY XII ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМЫ: «ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ»




2019 ж. 23-29 қыркүйек аралығында Қазақстанның елордасы Нұр-Сұлтан қаласында өңірдің энергетика саласындағы ең ірі іс-шара **«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019»** өтеді. Іс-шара ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен «KAZENERGY» қауымдастығы болып табылады.
KEW – бұл тұрақты энергетика болашағын қалыптастырумен байланысты мақсаттарға қол жеткізу жолдарын талқылауға арналған жаһандық алаң, ол мамандарға саланы дамыту туралы дискуссияларға қатысуға, жетекші дүниежүзілік сарапшылардың ұстанымын көруге мүмкіндік береді.

KAZAKHSTAN ENERGY WEEK негізгі оқиғалары: «Энергия көздерінің болашағы: инновациялық даму» атты KAZENERGY XII Еуразиялық Форумы, DIGITAL ENERGY интерактивті көрмесі, 30-дан астам форумдық іс-шара, сондай-ақ Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған кіші форум іс-шаралары болады.
KAZENERGY Еуразиялық Форумының алаңында IV Ұлттық энергетикалық баяндаманың таныстырылымы өтеді, онда ҚР отын-энергетикалық кешенінің ағымдағы жай-күйін толық зерттеу және дамыту перспективалары көрсетіледі.




*Толығырақ:* ***[http://kazenergyforum.com/](http://kazenergyforum.com/)***

## «ЖАСТАР ЖӘНЕ УАҚЫТ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ» XI ЖАСТАР ФОРУМЫ



2019 жылғы 23-24 қыркүйекте «KAZAKHSTAN ENERGY WEEK» шеңберінде «Жастар және уақыт сын-тегеуріндері» KAZENERGY XI Жастар форумы (бұдан әрі – Форум) өтеді.
Жаңа ұрпақтың диалогтық алаңында айтылатын идеялар мен тәсілдер KAZENERGY білім беру бағдарламасы жобаларының шеңберінде оқитын Қазақстанның 1000 студенті арасында сауалнама жүргізуді есепке алып әзірленді. Қазіргі заманғы жастар өздері үшін қандай сын-тегеуріндер айқындайды және олардан қалай өтуге болатындығын біз Форумда біліп, талқылайтын боламыз.
«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурстың жартылай финалы мен финалын өткізу дәстүрге айналған, ол 2017 жылдан бастап «Шелл Қазақстан» компаниясымен әріптестікте іске асырылады, биыл 23 қыркүйекте өткізіледі.

**Іс-шара Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен KAZENERGY қауымдастығы жүзеге асыратын, еліміздің мұнай-газ секторының басты іс-шарасы - «Kazakhstan Energy Week 2019» (KEW-2019) шеңберінде өткізіледі.**

*KAZENERGY «Жастар және уақыт сын-тегеуріндері» XI Жастар форумына тіркелу kazenergyforum.com сайтында өтеді.*

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

## KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ «ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ ӘЙЕЛ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОБРАЗЫ» АТТЫ IV ФОРУМЫ




2019 жылғы 25 қыркүйекте «KAZAKHSTAN ENERGY WEEK-2019» шеңберінде ӘЭК «Энергетикадағы әйел көшбасшылығының қазіргі заманғы образы» атты IV Форумы (бұдан әрі – Форум) өтеді.
KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының Форумы (бұдан әрі – ӘЭК) кәсіптік және жеке өсу үшін қажетті дарындылық пен дағдыларды дамытуға жәрдемдесу және тәжірибе алмасу бойынша мұнай-газ және энергетика салаларында жұмыс жасайтын әйелдер қайымдарына арналған алаң болып табылады.
Сонымен қатар Форум жұмысында KAZENERGY, ЕҚДБ және «Ergon» Лондон консалтингтік компаниясының «Әйелдердің ҚР энергетикасындағы рөлі» бірлескен зерттеулерінің аралық нәтижелерінің презентациясы өткізіледі. Форумда Gender inequality саласындағы PwC (Швейцария) халықаралық сарапшысы «Жұмыс орындарында әйелдердің теңдігін қамтамасыз ету үшін корпоративтік сектордағы ең үздік тәжірибелер» тақырыбына сөз сөйлейді.

**Іс-шара Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен KAZENERGY қауымдастығы жүзеге асыратын, еліміздің мұнай-газ секторының басты іс-шарасы - «Kazakhstan Energy Week 2019» (KEW-2019) шеңберінде өткізіледі.**

*Форумға тіркелу kazenergyforum.com сайтында өтеді.*

KEW 2019 KAZAKHSTAN ENERGY WEEK

XII KAZENERGY EURASIAN FORUM NUR-SULTAN

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

KAZENERGY

PETROLEUM Kazakhstan Analytical Journal

**«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK» іс-шаралары**

Qamshy.kz

**Энергетикадағы әйел көшбасшылығының қазіргі заманғы образы талқыланады**




KAZENERGY Жастар комитетінің Президенті Әсем Мұқажанова Атамекен Бизнес арнасындағы "Байділдинов. Мұнай" бағдарламасына қатысып, комитеттің жұмысы, оның мақсаттары мен сала үшін маңыздылығы туралы баян етті.

*Толығырақ:* *https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/baydildinov-neft-98/kazenergy-novaya-programma-razvitiya-molodyh-specialistov*

KEW 2019 KAZAKHSTAN ENERGY WEEK

XII KAZENERGY EURASIAN FORUM NUR-SULTAN

KEW 2019
KAZAKHSTAN ENERGY WEEK

XII
KAZENERGY EURASIAN FORUM
NUR-SULTAN

**KAZAKHSTAN ENERGY WEEK**

**XII ЕВРАЗИЙСКИЙ ФОРУМ KAZENERGY**

KAZENERGYFORUM.COM

23-29 Сентября 2019

Нур-Султан, Казахстан